

ОТБАСЫ КҮНІ

# Атаулы күндегі аламан

Д. ӘЛЖАНОВА, Қостанай қаласы

*Жуырда Отбасы күніне орай Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы қызметкерлері отбасыларының қатысуымен іс-шара ұйымдастырылды.*

Суреттер сайысы, отбасылық эстафета және шығармашылық өнерпаздық атты үш кезеңнен тұрған жарыстың бірінші сатысына Академия қызметкерлерінің 9 жасқа дейінгі балалары «Менің отбасым» деген тақырыпта салған суреттерімен қатысты.



Екіншісі отбасылық эстафета қызметкерлер отбасыларын Академияның қоғамдық өміріне қатысуға үндеу мақсатында спорт кешенінде, әскери және денешынықтыру кафедрасының ұйымдастыруымен өтті. Спорттық жарыстар қатысушылар мен жанкүйерлерге күш-жігер берді. Ал, қазылар алқасы «Достық жеңді» деген шешімге келді.

Мерекелік іс-шара Академия қызметкерлері балаларының қатысуымен концерттік бағдарламамен аяқталды. Балалар ата-аналарымен бірігіп аталған іс-шараға әртүрлі билер мен әндер дайындап, үлкен ынталарымен қатысты. Іс-шара

соңында Академия бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов қатысушы балаларды Алғыс хатпен марапаттап, ойыншықтар ұсынып, өз алғысын білдірді.

ШАҒЫН ФУТБОЛ

## «Қыран» – жеңімпаз, «Сұңқар» – екінші

А. ТҰРМАНОВ, Қызылорда облысы

*Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаменті ЗК-169/1 мекемесінің ұйымдастыруымен шағын футболдан спорттық іс-шара өтті.*

Мекеме бастығы, әділет подполковнигі А. Тасқараев сөз сөйлеп, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Қызылорда облысы ҚАЖ департаменті Ардагерлер

кінші сатысының ұзындыққа секіру, да қатысушылар бойынша жарысты. та Досановтар және асылары топ жарды. соңғы жарыс – ретада анықталды. нәтижесі бойы айы даярлыққа инспекторы каметовтың отбасы шықты. Ал барлық орытындысы бойы: ұбайы Айгүл және мпаз атанып, «Үздік ісы» атағын жеңіп

нан Кадр жұмысы лқа инспекторан Досанованың отал үшінші орынды ы иеленді: Қаржымен ту басқармасының ұрлан Құлатаевтың га инспекторы Рахат ың отбасы. мпаздары грамота, ар мен сыйлықтарға

Ақмола облыстық Д баспасөз қызметі

ызметкері Талғат үлдегері атанды.

ысы ТЖД ӨС және

## Спорт шебері атағы табысталды

Үстіміздегі жылғы қыркүйектің 10-да Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында бірқатар спортшыларға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2018 жылғы 14 тамыздағы № 254 бұйрығына сәйкес “Қазақстан Республикасының спорт шебері” атағы салтанатты түрде табысталды.



курсанты 100 келі салмақта Сәбит Жан болса, сонымен қатар жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының чемпионатында 82 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанған 4-курс курсанты Құрбан Нұрболға академия бастығы “Қазақстан Республикасының спорт шебері” атағын ез қолымен табыстады.

Қазіргі таңда бұл курсанттар Жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының қызметкерлері полиция подполковнигі Өтенов Бағдат Каменұлы, оқытушы Акильбеков Айдарбек Абдуғалиұлы, полиция подполковнигі Таңқыбаев Руслан Сайлауұлы және полиция майоры Кабидуллин Ержан Айтбайұлының қол астында жаттығып, алдағы бәсі биік жарыстарға дайындалуда.

**Тұрсынбай ДУМАНЖАН,  
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев  
атындағы Қостанай  
академиясының  
4-курс курсанты**

бағындыруларын тіледі, сондай-ақ басқа да курсанттардың осындай дәрежеге жетулеріне тілек білдірді.

Ал ендігі осынау атаққа қол жеткізген курсанттарымыз жайын айта етсек, Теміртау қаласында өткен самбо күресінен ел чемпионатының жеңімпазы атанғандар 4-курс курсанттары 82 келі салмақта Оразымбет Бексұлтан, 90 келі салмақ дәрежесінде Болатов Бахтияр, 100 келі салмақ керсеткішінде Қожабеков Қажығали және 3-курс

Нақтылай айтсақ, спорт шебері атағы Қарағанды облысы, Теміртау қаласында өткен самбо күресінен ел чемпионатында және Қостанай академиясында еткізілген жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанған курсанттарға табыс етілді. Марапаттау сәтінде академия бастығы полиция генерал-майоры Қызылов Мирлан Ахмедияұлы спорт шебері атанған курсанттарды алған атақтарымен құттықтап, бұдан да биік белестерді

## Патриоттық клубтар арасындағы чемпионат

2018 жылдың 15 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қабырғасында алғаш рет әскери қоян-қолтық ұрысынан әскери патриоттық клубтар арасында Қазақстан Республикасы чемпионатының тұсауы кесілген болатын.

Бұл додамызда алғашқы болып сөз кезегі Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Қызылов Мирлан Ахмедияұлына берілді, өз сөзінде академия бастығы қатысушы сарбаздарға рух беріп, сәттілік тілеп ынталандырды және жарысымыздың құрметті қонақтарымен таныстырды. Олардың бірі: Ұлы Отан соғысының



Келесі кезекте құттықтау сөзі Ұлы Отан соғысының ардагері, КСРО МҚК полковнигі Даценко Павел Васильевичке берілді. Осы жарысымыздың мақсаты болашақ ұрпақтың патриоттық сезімдерін артырып, тәртіп пен тәрбиені ұстанып,

кеткен жең, және езінің авторлық кітабы «Сказания о довоенном мире, войне окопной и незримом фронте» атты туындысын академия бастығы полиция генерал-майоры Қызылов Мирлан Ахмедияұлына үлкен құрметпен табыстады.

Барлық қонақтарымыз бен қатысушыларымызды өз керіністерімен әскери патриоттық клуб «Разведчик» таңғалдырды. Олар қорғаныс және шабуыл әдістерін көресетіп қана шектеліп қоймай пышақ, кірпіш, шегелі орындық құралдарын пайдаланып, дене түршігерлік әдістерімен жұртшылықты баурап алды.

**Мади АБДРАХМАНОВ,  
Академия Жауынгерлік және  
дене дайындығы  
кафедрасы бастығының**

## Медицина электронды нұсқаға көшеді

2019 жылы еліміздің медицина саласы толықтай электрондық қызмет көрсету форматына көшеді. Бұл туралы ағымдағы жылдың 17 қыркүйегінде Астанадағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі О.Әбішев мәлімдеді.


Баспасөз мәслихатында аталған саланы цифрландыру, ақпараттық жүйелерді, мобильді денсаулық сақтау элементтерін енгізу, емдеу жоспарларын диагностикалау және басқару, жасанды интеллект құру және енгізу, ақпараттық және интероперабельділік үшін платформаны жеткізу сияқты сандық мәселелер талқыланды.

Вице-министрдің сөзінше, медициналық ақпараттық жүйелерді “қала, аудан орталығы” деңгейінде қамту деңгейі 96,7 пайызды құрады. Ал, осы жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланып отырған керінеді.

Сонымен қатар, О.Әбішев 2017 жылы 14 қыркүйекте ҚР ДСМ мен IBM компаниясы арасында Watson for oncology — жасанды интеллектті енгізу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғандығын ескертті. Оның сезіне қарағанда, онкология және радиология F3I базасындағы пилоттық тестілеу кезінде онколог дәрігерлердің қатысуымен 13 нозология түрі бойынша 57 ем жүргізілген. Дәрігерлер жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша қатысушылардың 90 пайызы пилоттық тестілеудің тиімділігін көрсеткен.

Сонымен қатар, вице-министр электрондық денсаулық паспортының тиімділігі туралы да айтты. Науқас туралы барлық ақпаратты бір репозиториінде сақтайтын электрондық денсаулық паспорты елдегі медициналық ұйымдарда науқасты қарау және емдеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды. Электрондық денсаулық паспортында әр адамның дәрі-дәрмектерге аллергиялық реакциясы, қарапайым диеталық жағдайға дейінгі барлық мәліметтер сақталады. Сондай-ақ, паспорт арқылы тұқым қуалайтын, яғни хронологиялық ауруларды, дұрыс тамақтану жүйесін, денсаулық сақтаудың барлық қағидасын білуге болады.

**ҚР ДСМ баспасөз қызметі**



**Мерейтой – 50!  
Құрметті Мирлан  
Ахмедияұлы!**

**Сізді бүгінгі 50 жасқа толу  
мерейтойыңызбен шын жүректен  
құттықтаймыз!**



Аса көрегендігіңіздің арқасында алдыңыздан қандай қиындық туындаса да, ешқашан мойымай өмір сындарынан сүрінбей өте білдіңіз! Қызметтік міндеттеріңізді атқаруда Сіз ұжымды ұйымдастырып, еңбекке тарта білетін білікті басшы ретінде асқар таудың шыңынан көрініп, үлкен сенімге, асқақ абыройға ие болдыңыз.

Халыққа, елге қызмет етуге, тәртіпті сақтауға және заңдылық пен ізгілік қағидаларын ұстануға бағытталған қызмет жолыңыз кез келген отансүйгіш азаматқа үлгі боларлықтай.

Сіздің шығармашылық жігеріңіз, жастарға берген біліміңіз бен үлгі-өнегеңіз, тәлім-тәрбиеңіз Сізді ұжымда сый мен құрметке бөлейді. Өмірлік тәжірибеңіз, жоғары кәсіби шеберлігіңіз, сонымен қатар жаныңыздағыларға деген мейіріміңіз бен өзіңізге және академия қызметкерлеріне орынды талап қоя білетіндігіңіз Сізді тамаша ұйымдастырушы, білікті де ізгі басшы ретінде жақсы қырыңыздан таныта түсуде.

Сізге және Сіздің отбасыңызға баянды бақыт, шырайлы шаттық, мықты денсаулық,

**Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады**

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының және біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне арналған іс-шара өткізілді.



«Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады» тақырыбы бойынша 2018 жылғы 14 қыркүйекте өткізілген бұл кездесуге ғылыми және педагогикалық магистратурасының оқытушы-әдіскерлері және 1, 2-курс магистранттары, біліктілігін арттыру курсының тыңдаушылары қатысты. Кездесуге облыстық Тілдерді үйрету орталығы директорының орынбасары Талапова Гүлнәр Маратқызы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тілдерді дамыту тобының бастығы Елмұратов Құрбанәлі Сегізбайұлы шақырылды.

Гүлнәр Маратқызы латын әліпбиіне көшу туралы айтты. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы

12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз— қорқақ, қол—батыр», - деп дана

халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық – деді.

Тілдерді дамыту тобының бастығы Елмұратов Құрбанәлі Сегізбайұлы: Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін кезінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.

Магистранттарға, біліктілігін арттыру курс тыңдаушыларына кездесу ұнады.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқының ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

**Мереке ҒАЛИЕВА,  
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясы  
Магистратураның  
оқытушы-әдіскері  
полиция майоры**

**Әскери прокурор көзге түскендерді марапаттады**

**Зандық құқықтың бұлжытпай орындалуын қадағалайтын бірден-бір орган әскери прокуртаура екені баршаға мәлім.**

Ал, осы құзырлы орган әскери бөлімдердегі құқық бұзушылықтарды тек тексеріп, кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді анықтап қана қоймай, оларды шешіп, кем-кетіктерін жоюдың алдын-алу шараларында

сақталуы. Оларға мыналар жатады: заң алдында барлық адамдардың тең екені, адамның жеке басына нұқсан келтірілмеуі, бостандығы мен заңсыз құрықталмауы, ата-ананың бала тәрбиелеуіндегі бостандығы және күштеп ұстау тұрғысында жеке бастың өз таңдауының сақталуы, және тағы басқалар. Ал, кең мағынасында Конституциялық қағидаттарды басшылыққа ала отырып тұлғаның бостандығы мен құқығы кең

қызметшілерге деген көзқарас өзгерді. Әскери бөлімдерде басшылықтың заңды қадағалай отырып жұмыс жасауының нәтижесінде жауынгерлік дайындықтар шеберлігі жоғарылап, техникалық жабдықтармен, тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамсыз етілумен қоса, әскери ұжымдастық, достық қарым-қатынастар қалыптасты. Қарулы Күштер қатарына шақырылушылармен жүргізілетін жұмыстар көш ілгері алға

шығармашылық табыс, мәнді де сәнді ғұмыр тілейміз!

Әрдайым жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Құрметпен.

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының ұжымы**

## ҚР Мемлекеттік Елтаңбасына өзгеріс енгізіледі

2018 жылғы 12 қыркүйекте Эталон орталығында ҚР ИДМ Техникалық реттеу және метрология комитеті басшысы Арман Шаққалиевтің төрағалығымен Ғылыми-техникалық комиссияның отырысы болды, деп хабарлайды ҚазАқпарат комитеттің Фейсбуктегі парақшасына сілтеме жасап.

Оған Мемлекеттік Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК басшылығы да қатысты.

Отырыста «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» ҚР СТ 989-2014 стандартына енгізілетін №1 өзгерістерді мақұлдау туралы шешім қабылданды.

Оған сәйкес, ұлттық стандарттың бүкіл мәтінінде «Қазақстан» сөзін латын графикасымен «QAZAQSTAN» етіп өзгерту, сондай-ақ ДЕ түстер диапазонын қолдану туралы өзгерістер қабылданды.

Будан тыс, Мемлекеттік Елтаңбаның элементтері мен тарихын сипаттауға әдістемелік құралдарға сілтеме, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков жасаған конструкторлық құжаттама қосылды. Өзгерістерді енгізу үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы және өндірушілердің қатысуымен бірқатар отырыстар өткізілді.

Еске сала кетейік, өзгерістерді Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес, арнайы жасақталған Жұмыс тобы әзірлеген.

прокуратура мамандары жеке құраммен үздіксіз жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар жүргізеді. Ендеше өзіне жүктелген міндеттер аясында құқықтық кеңсе өкілдері- сарбаздар мен офицерлерден бастап, әскер қатарына шақырылушыларға дейінгілердің құқықтық біліктілігін арттырып, заң алдында жауапкершіліктерді бірдей жүктейді.

Бүгінгі таңда көпшілік елдерде, әлемдік қауымдастық бойынша адам құқығы ең жоғарғы құндылық деп танылып отыр. Ал, «адам құқығы» терминінің кең және тар мағынада қолданылуы, кейбір заңдық жауапкершіліктерді міндеттейді. Ара-жігін ашып қарасақ, тар мағынада ол - адам өмірінің Конситуцияда бекітілген, мемлекеттік шектеулермен бірге мемлекет тарапынан қорғалуы және

**Сот приставы – мемлекеттік қызметте тұратын, өзіне жүктелген міндеттерді орындайтын және сот отырысы кезінде залда тәртіп пен тыныштықтың сақталуын қамтамасыз ететін лауазымды адам.**

Сот приставтарының құқықтық ережелері, мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Сот приставтары туралы» Заңымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Сот отырысындағы судьялардың, қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сот отырысының залындағы приставқа жүктелген. Сот приставы сот ісін қарау барысында төрағалық етушіге бағынады және оған сот мәжілісі залында тәртіпті сақтауға ықпал жасайды.

Сот приставтарының қорғаушылық функциясын жүзеге асыруы сот пен судьяның сотталушыға және басқа да азаматтарға процессуалдық міндеттемелер шараларын қолдану шешімін орындауда көрініс табады. Сот

1995 жылы 30 тамызда қабылданған Еліміздің Ата заңында азаматтардың құқығы мен бостандықтары мемлекет тарапынан өзіне көптеген міндеттерді жүктеді. Сол кезде жаңадан қалыптасып жатқан, жас мемлекетімізге құқықтық жүйеге ауыса отырып, оған заңдық тұрғыда жауап беру міндеті жүктелді және ол оңай шаруа емес еді.

Қазіргі Қазақстан әскері құқықтық санасы жағынан жеке құрамның жоғары біліктілігі мен, әскери қызметкерлердің іске жауаптылығымен, ұқыптылығымен, қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, жетістіктерге жетуімен ерекшеленеді. Бұл осы құқықтық жүйе саласында, тәрбие беру саласында бірігіп жасалып отырған қызметтің жоғары нәтижелерге қол жеткізуінің, талмай еңбек етілуінің арқасы деп білемін. Ең бастысы, әскери

## Сот приставының рөлі

қызметін ұйымдастыру мақсатында, іс-қарау кезінде сот приставы соттың мәжіліс залында басқа іске қатысушыларға заңда көрсетілген тәртіпте ескерту жасауға және басқа да тәртіпсіздікті жоюға шара қолдана алады. Сотталушыны отырыс залында қамауға алу, сонымен қатар, сот процесі кезінде тәртіпті бұзатын тұлғаларды отырыс залынан шығару секілді шешімдерді орындау да сот приставына жүктелген.

Сот приставының сот отырысының уақыты жөнінде тиісті түрде хабарланған іске қатысушылардың соттың шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмеген және келмеген ол адамдардың қатысуынсыз істі қарау мүмкін болмаған жағдайда, сот отырысы барысында белгіленген тәртіпке бағынбаған немесе басқа да сотты немесе судьяны құрметтемеушілік фактілері бойынша құқық бұзған адамға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға құзыреті бар. Нәтижесінде кінәлі тұлға

Десекте, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің алар асулары әлі алда. Алға қойған мақсаттар биіктеп, оларды орындау барысында тәрбие және құқықтық жұмыстар одан әрі қарай дамуды талап етеді.

Сөз соңында, еліміздің Конституциясы күнін мерекелеу аясында Қостанай гарнизонының әскери прокуроры Әділет полковнигі Д.Ф. Ержановтың қолынан, өздерінің қызметтік міндеттерін орындауда адал әрі аса жоғары жауапкершілік танытқан 2 әскери қызметкер (ҚР ҰҰ 6697 әскери бөлімінің, ҚР ҰҚК ШҚ 2031 әскери бөлімінің) марапатталғандығын айтсақ та болар.

**Б. АКРЕМЖАНОВА,  
Қостанай гарнизонының аға  
прокуроры Әділет майоры**

ескерту не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаға тартылуы мүмкін.

Сот приставы сот ғимаратында әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасақтауға, сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық өндірісін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушыны жеткізуге, жеке тұлғаға жеке тінту жүргізуге және оның заттарын тінтуге, құжаттарын мен заттарын алуға құқылы.

Аталған қызметтер жиынтығы сот приставының тек сот отырысына ғана қатысты бір қыры. Сотта әділдік жүзеге асып, тәртіп пен адамгершілік нормаларынан аттамай, құқықтық жүйенің қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі. Ал сот приставы белгіленген құқықтар мен міндеттеріне осы игі іске сай өз септігін тигізеді.

**Дәурен ҒАБДЫРАҚ,  
Жангелдин аудандық сотының  
аға сот приставы**

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**